



# ҰЛТТЫҚ БАНК ХАБАРЛАЙДЫ, ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРЕДІ, ТҮСІНДІРЕДІ

Олег СМОЛЯКОВ:

## «Біздің мақсатымыз – банк жүйесін қалыпқа келтіру»

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы қабылдаған Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы банк жүйесінің жинақталған проблемаларын түпкілікті шешуге, кредиттік портфельді қалыпқа келтіруге, кредиттеуді жандандыруға, қаржы институттарында тәуекел-менеджментті жетілдіруге арналған. Бұл туралы біздің басылымға берген сұхбатында Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Олег СМОЛЯКОВ айтып берді.

– Олег Александрович, бұл бағдарламаны қабылдау қажеттілігі неден туындады?

– Банк жүйесінің көптеген проблемалары өткен жылдары орын алған. Оларды шешуге қанша тырысқанмен, бұл жағдайды түбегейлі өзгертен жоқ. Өткен жылы біз банктерге қатысты қадағалау қызметінің кейбір тәсілдерін өзгерте бастадық. Мемлекет басшысының банк секторын қалыпқа келтіру бөлігінде тапсырмалары болды, алайда кредиттеуді жандандыруға қатысты тапсырмаларды орындау үшін біз біртіндеп бұрынғы проблемаларды шешудің негізінде ақырғы шешім қабылдаудың өте маңызды екендігін түсіндік. Іс жүзінде проблемаларды жасыруды тоқтату қажет болды. Сонымен бірге жаңа кредиттеуді ынталандыру несие портфельі сапасының жай-күйін және оны тиісінше провизиялауды түсінбейінше мүмкін емес. Өз кезегінде, әлеуетті тәуекелдерге қатысты резервтерді қосымша құру үшін банктерге капитал қажет. Осылайша, бұл жағдай қаржылық орнықтылық бағдарламасын әзірлеу үшін бастапқы себеп болды. Біз үшін проблемалардың маңыздылығын ескере отырып, бағдарламада жүйе құраушы банк – Казкоммерцбанкпен, ірі банктер тобымен байланысты блоктар сондай-ақ, реттеуші-қадағалаушы блок бөлімді. Бағдарламаның соңғы блогы қадағалаушы-реттеуші құралдардың көмегімен ескі проблемаларды шешу үшін жағдайлар жасауға және жаңа кредиттеуді арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған.

– Банк секторының негізгі проблемаларының бірі жұмыс істемейтін қарыздардың ауқымды мәселесі болып табылады, олардың бір бөлігі қайта құрылымдалған кредиттер санатында. Бұл жағдай оларды есептілікте проблемалы санауына жатқызуға мүмкіндік береді. Осы рас па?

– Қарыздарды қайта құрылымдау әрдайым проблемаларды жасыру үшін жасалады деп айтуға болмайды. Кейбір қайта құрылымдау шын мәнінде қарыз алушының жағдайын жақсартуға және болашақта қарызды жұмыс істейтіндердің санатына ауыстыруға көмектеседі. Алайда қайта құрылымдалған себепті ресми түрде мерзімі өтпеген кредиттер шын мәнінде проблемалы берешек болып табылмағандықтан банкке ақша ағынын әкелмейді. Бұл жағдай есептелген және іс жүзінде алынған пайыздық кірістерді салыстырған кезде айқын байқалады. Яғни, мысалы, қарыз бойынша пайыздар есептеледі, бірақ кредит қайта құрылымданғандықтан алынбады. Осылайша, бізде нақты ақша ағынысыз «бухгалтерлік пайда» болады. Сондықтан біз банктердің балансы барлық әлеуетті тәуекелдерді, оның ішінде осы қарыздарға байланысты тәуекелдерді көрсету және портфельдің қажетті көлемде провизиялану міндетін алдымызға қойдық.

– Банктердің жиынтық портфельіндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ресми статистикасы қандай және олардың қандай үлесі қалтарыста қалуы мүмкін?

– 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттер ретінде айқындалатын жұмыс істемейтін қарыздар туралы айтатын болсақ, олардың жиынтық портфельдегі үлесі шамамен 11% болды. Біз қайта құрылымданған қарыздардың көлемі 15%-ға жуық болатынын білеміз. Осыған дейін атап өткенімдей, барлық қайта құрылымданған қарыздар проблемалы болмайды, алайда олардың сапасы да белгісіз. Сондықтан біз провизиялау бөлігінде барынша қатаң тәсілді іске асыру туралы шешім қабылдадық.


– Резервтерді қалыптастыруға қойылатын барынша

қатаң тәсілге өткенге дейін Ұлттық Банктің банктер активтерінің сапасына кешенді бағалау жүргізуді жоспарлағаны белгілі. Бұл жұмыс қандай сатыда?

– Алдымен түсіндіре кетейін: бүгінгі күні біздің банктер халықаралық қаржылық есептік стандарттарының (ХКЕС) қағида-тарары бойынша жұмыс істеуде, олар қарыздардың сапасын айқындайтын факторларды түсіндірген кезде субъективті факторларды қолдану үшін жеткілікті еркіндік береді. Әрбір банк бұл тәсілді қолдануда дербес жұмыс істейді және соның салдарынан бізде провизияларды қалыптастыру бөлігінде көп нұсқалар бар. Сондықтан банктердің несие портфельдерінің сапасына кешенді бағалау жүргізген кезде бірінші кезекте әмбебап әдіснаманы әзірлеу қажет. Бағалауды тікелей жүргізуге келетін болсақ, АҚШ пен Еуропада екі тәсіл қолданылады. Кейбір елдерде орталық банктер бұл бағалауды дербес жүргізеді, кейде бұл жұмысты жүргізу үшін тәуелсіз аудитор-консультант жалға алынады. Бұл не үшін қажет? Бұл жағдай портфельдің жай-күйін іс жүзінде бағалауды көрсетеді. Бұл бағалауды түсіне отырып, біз әрбір банкке олардың портфельдерінің жай-күйіне орай кейбір әлеуетті тәуекелдерге қатысты резервтердің немесе капиталдың қосымша қорын құру қажет екендігін айтуымыз керек. Бұл тәуекелдер әлі де әлісіз шығар, бірақ олар болашақта іске асырылуы мүмкін. Батыста да, Еуропаның барлық елдерінде де осылайша жұмыс істейді.

Біз осы практиканы зерделеп, Еуропа тәсіліне қатаң сәйкестікке жұмыс істеміз келді. Алайда біз қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзміздің мандаттарымызды бағалаған кезде тек инспекторлық тексеруге ғана құқылы екендігімізді анықтадық. Заңнамаға сәйкес біз банктерден реттеуші шегерімдерді жүзеге асыруды, реттеуші провизиялар құруды талап ете алмаймыз. Мандатқа сәйкес біз банктерден капиталдандыруды ұлғайтуды және т.б. талап ете алмаймыз. Сонымен бірге ақпаратты ашу мәселесі туындайды. Батыста барлық тәуелсіз бағалау нәтижелері жария болып табылады, себебі бұл инвесторлардың құқықтары қорғау мәселесі. Осындай негізгі элементсіз біздің жаппай күйреуіміз ықтимал еді. Өз кезегінде банктер де тәуелсіз бағалау жүргізудің классикалық нысанына қатысты күмәнді ойда болды. Сондықтан біз тәсілді шамамен өзгерттік: әмбебап әдіснама болу үшін біз активтердің сапасын тәуелсіз бағалау шеңберінде пайдаланылатын қағидаға орай капиталды түзету қағидаларын әзірледік. Басқаша айтқанда, біз әдіснаманы өзміздің болмысымызға, мүмкіндігімізге және нарықтың ерекшеліктеріне орай бейімдедік. Бұл ретте біз оны кейбір біржолғы зерттеу бөлігі ретінде алмай, оны іс жүзінде қадағалау практикасына қостық. Яғни бұл ХКЕС бойынша провизияларға қатысты ғана емес, сол сияқты біздің реттеуші тәсілімізге қарай да капиталдың жеткіліктілігін бағалауға банктерге тікелей талап болады. Реттеуші провизиялар Әділет министрлігінде тіркеліп, күшіне енгеннен кейін ғана біз инспекторлық қызмет шеңберінде банктердің осы әдіснаманы қаншалықты қолданатынын орай тұрақты түрде бағалауды жүргізе бастаймыз. Өз кезегінде бағдарламаның қаржылық бөлігінің шеңберінде біз банктің акционерлеріне олардың банктің капиталдандыруға қатысу талабы мен қаржылық ресурстарды ұсынамыз.

Бағдарламаны іске асыруға біз жүйе құраушы қаржы институты – Казкоммерцбанкке арналған блоктан бастадық. Мәмілені



жүргізудің негізгі талаптарының бірі оның қаржылық жай-күйіне тәуелсіз аудит жүргізу болды. Бұл тәуелсіз аудит біздің тарапымыздан бір сәтте және сол кезде әлеуетті сатып алушы – Халық банкінің тарапынан да кейбір шығындандырылған нәтижелерге шығу үшін жүргізілді. Бұл – активтердің сапасын кешенді бағалау үлгісі. Яғни, біз жүйе құраушы қаржы институттарынан бастадық және инспекторлық тексерулердің шеңберінде біртіндеп осы қағидаға басқа банктерге қатысты іске асырамыз.

– Сіздің ойыңызша, Казкоммерцбанкке қолдау көрсету туралы шешім қабылдана, салдары қалай болар еді?

– Егер басқа мемлекеттердің үлгісін алсақ, ешбір елде жүйе құраушы қаржы институты абсолюттік банкроттыққа жатпайды. Бізде түрлі квазимемлекеттік компаниялардың және БЖЗҚ-ның қаражаты болып табылатын жеке тұлғалардың бір триллион теңгеден астам, бір жарым триллионға жуық депозиттері, бейрезиденттер және басқа да заңды тұлғалардың алдындағы 400 млрд теңгеге жуық міндеттемелері бар банк болғанын назарға алу қажет. Казкоммерцбанкте жиынтық активтері шамамен 4 трлн теңге болды.

Бірнеше опция болды: бірінші нұсқасы – банкроттық. Алайда бұл іс жүзінде Казкоммерцбанк-тің экономика алдындағы барлық міндеттемелерін жоғалтатын билдірді. Бүкіл экономика, тек бір банк секторы ғана емес, квазимемлекеттік компаниялар, жеке және заңды тұлғалар да зардап шегуші еді. Екінші опция – уақытша басқару, алайда бұл да салымшылардың кетуі, бірнеше триллион теңге мөлшерінде өтімділікпен қолдау. Біздің заңнамамызда көзделмеген, бірақ әлемдік практикада қолданылатын үшінші опция бар. Бұл банкте капитал жеткіліксіз болған кезде банк кредиторларын қайта құрылымдауды жүргізуге, оларды акционерлер етуге мәжбүрлеу. Бұл опция bail-in деп аталады. Алайда біздің заңнамада мәжбүрлеп bail-in көзделмеген. Бұл да шығынның бүкіл экономикаға таралуын білдірді. Ұлттандыру опциясы да болды. Алайда ол нұсқа мемлекеттің капиталға ақша салуға тиіс екендігін ғана емес, сол сияқты банк өтімділікпен қолдауды да білдірді, сондай-ақ, бүкіл ковенанттар қосылар еді. Көптеген шарттарда, оның ішінде бейрезиденттермен жасалған шарттарда ковенанттар, яғни мерзімнен бұрын өтеу құқығы орын алатын талаптар бар. Банкті ұлттық меншікке алу – осындай талаптардың бірі. Яғни, іс жүзінде банкке қолдау көрсету көлемі капиталға қолдау көрсетумен шектелмей, сыртқы және ішкі міндеттемелерді мерзімнен бұрын өтеу үшін айтарлықтай салым салуды талап етеді. Сондықтан бүкіл опциялардың ішінде банкті «нашар» және «жақсы» банк деп бөлу жалғыз балама болды. Мұндай тәсіл әлемде қолданылады – банктің балансы екіге бөлінеді, нашарын мемлекет алады, ал банктің жақсы бөлігі жаңа инвесторға беріледі. Казкоммерцбанк портфельінің проблемалы бөлігі айтарлықтай көлемде БТА Банкпен байланысты болды, ал белгілі бір бөлігі Казкоммерцбанктің меншікті проблемалы портфельі болды. 2015 жылы Казкоммерцбанктің проблемалы активтерінің бір бөлігі БТА Банкке берілгені есте

болар. Алайда Казкоммерцбанкте БТА Банк берген кредит болды. Тиісінше, осы проблемалы активпен кез келген жұмыс бұл қарыздың Казкоммерцбанкке қайтарылудың көрініс тапты. Алайда ақша ағындары жеткіліксіз болғандықтан, тиісінше, бұл кредит іс жүзінде проблемалы кредит болды. Сондықтан Проблемалы кредиттер қоры арқылы оны сатып алу арқылы БТА Банкпен байланысты проблемалы портфельдің бөлігін «алып тастау» туралы шешім қабылданды. Содан соң нақты жағдайды көрсететін, инвесторларды да, кредиттік рейтингтік агенттіктер мен аудиторларды да қанағаттандыратын аудит жүргізу, сосын оны қажетті көлемде провизиялау туралы шешім қабылданды. Бұл да жасалды. Бірақ провизиялар үлкен сомаға жүргізілгені пруженділіктің, акционерлердің меншікті капиталы осындай көлемдегі резервтерді өтеуге жетпегені болар еді. Сондықтан да бұрынғы акционерлердің капиталы нөлге теңестірілді. Іс жүзінде мұндай операциядан Казкоммерцбанктің сол кездегі акционерлері зиян шекті. Бұл да қалыпты практика: жақсы және нашар банк бөлінген кезде, ең алдымен, зиян шегетін – бұрынғы акционерлер. Содан соң банкті іс жүзінде бір теңгеге сатып алған, бірақ капиталдандыруды банктің қажетті деңгейде жұмыс істеуі үшін қамтамасыз ететін инвестор тартылды. Осылайша, жақсы және нашар банк бөлуінің классикалық үлгісі іске асырылып, жаңа инвестор іздетірілді. Біздің банкті мәжбүрлеп бөлмегеніміз, сыртқы басқару арқылы мемлекеттің қатыспауы жалғыз ерекшелік болды. Банктің мөлшері, ұлттық банк етуден туындайтын тәуекелдер, ковенанттардың бар екендігі ескеріле отырып, айтарлықтай нарықтық схема таңдап алынды.

– Басқа ірі банктер үшін қаржылық орнықтылықты арттыру бағдарламасының негізгі қағидағары қандай болды?

– Барлық қалған ірі банктерге ұсынғанымыз – капиталға қолдау көрсету, бірақ ол міндетті емес, мұндай талап егер акционерлер банктің кірістілігін қамтамасыз етуге, қажет болған кезде банкті үстем капиталдандыруға, сондай-ақ, проблемалы қарыздармен жұмыс істеуге қабілетті болған жағдайда қойыла. Өзім айтып кеткендей, біз қолданған капиталға қатысты реттеуші шегерім бес жылдан соң капитал жеткіліктілігін өлшемін қатты ықпал ететін болады. Осы бес жыл ішінде акционер кірістілікті, қосымша ақша қаражатын қамтамасыз етуге, сондай-ақ, активтерді провизиялайтындай, не кепілдердің сапасын жақсартатындай, не тәуекелді қарыздарды өтейтіндей болуын қамтамасыз етуге тиіс. Сондықтан да бірінші қағида – акционерлердің балансты жақсарту жөніндегі шаралар кешенін қабылдау міндеттемесі, екінші қағида – акционерлердің үстем капиталдандыруға бірлесіп қатысуы. Бағдарламаға сәйкес үстем капиталдандыру сомағын үштен екісін Ұлттық Банк, үштен бірінші акционер қамтамасыз етеді. Ал үшінші қағида бойынша қаражатты Ұлттық Банк қайтарымдылық негізінде береді. Бізге банктердің негізгі капиталдарына кіру мүмкіндігін қарастыру бірнеше рет ұсынылды. Біз банктер капиталының бұл бөлігіне

кірмейміз деп шештік, себебі банктер болашақта провизиялар құратын болса, онда олар оны ағымдағы пайда есебінен құрады. Ал егер мұндай пайда жеткіліксіз болса, провизиялар сол кездегі акционерлердің зияны есебінен құрылуға тиіс. Осылайша, егер біз банк акционерлерінің арасында болсақ, мемлекет ретінде біз де бағдарламаға қатысқанымыз үшін зиян шегуіміз керек. Одан басқа, бір жағынан қадағалай отырып және банктердің қандай да бір іс-қимылдарды орындауына талап ете отырып, екінші жағынан акционер ретінде белгілі бір жеңілдіктердің болуына мүдделі бола отырып, мүдделер қатығысы туындаған болар еді.

Сондықтан да біз капиталға қатысты қолдау көрсетеміз, бірақ ол базалық капитал есебінен емес, пруденциальнық нормативтерде есепке алынатын, бірақ зиянды өтеудің бірінші қаржы көзі болып табылмайтын қосымша капитал есебінен қолдау көрсетеміз дедік. Бағдарламаға қатысатын банктерге 15 жыл мерзімге қарыз беріледі, осы кезеңде ол нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша амортизацияланатын болады, ал ол қосымша талқыланытын мәселе.

– Дегенмен бағдарлама банктердің қаржылық жағдайы нашарлаған кезде олардың акцияларына реттелген борышты конвертациялау мүмкіндігін көздейді емес пе?

– Мемлекет қаражатын алуға үміттенетін әрбір банк қаржылық орнықтылығын арттыруға бағытталған іс-қимылдар жоспарын ұсынуға тиіс. Әңгіме әлеуетті тәуекелдерді барынша азайту жайында болып отыр, себебі қазір банктер жалпы алғанда тұрақты, бірақ біз ықтимал тәуекелдер мәселесін жауып тастағұмыз келеді. Егер бұл жоспар орындалмаса немесе оны орындау банктің қаржылық өлшемдерін жақсартуға әкелмесе, онда мұндай жағдайда пруденциальнық нормативті бұзу сол кездегі акционерлердің үлесін алып, іс жүзінде банкті басқаруымызға мүмкіндік беретін ковенантты жүзеге асыру үшін негіз болады. Бірақ мұндай сценарийдің жүзеге асырылуы екіталай. Әрине, өмірдің өз сыйы болуы мүмкін, бірақ банкті дамытудың нақты моделінің болуы осындай реттелген қарызды беру талаптарының бірі болып табылады. Яғни біз осы қадағалау жоспарында жазылған барлық іс-қимылдар іске асырылатындай деп санасақ қана реттелген борыш берілуі мүмкін. Сондықтан да біз жай капиталға конвертациялау ықтималдығы бұл жағдайда өте аз деп санаймыз.

– Қазіргі кезде осындай іс-қимылдар жоспарларын, сомаларды, мерзімдерін және т.б. келісу бойынша әлеуетті қатысушы банктермен келіссөздер жүргізу процесі жүріп жатыр емес пе?

– Капиталы 45 миллиард теңгеден асатын барлық банктерге біз тиісті өтінімдерді жібердік. Бірақ бағдарламаға қатысуға келісімдерін берген бойда біз олардың әрқайсысынан банктің ағымдағы өлшемдері де, акционерлер тарапынан қосымша қатысу мүмкіндігі, активтер сапасын жақсарту жөніндегі іс-қимылдар, менеджмент құрылымы және тағы басқалары жазылған банкті дамыту моделін талап етеміз. Мұның барлығы басқармада қаралады және егер басқарма жалпы алғанда бұл жоспарды қолдаса, реттелген қарыз беріледі. Қыркүйектің соңына қарай банкті дамыту модельдеріне қатысты өтінімдер пысықталып, осы айдың соңында және келесі айдың басында біз оларды басқарманың қарауына енгізуге дайын боламыз деп ойлаймын. Сондықтан да қыркүйектің соңы – қазан айлары біздің әрбір өтінімді қарап, бағалап, банкті бағдарламаға қатысатыны не қатыспайтыны туралы шешім қабылдайтын өте маңызды кезең болады.

Сонымен қатар біз еншілес ұйымымыз – Қазақстанның қаржылық орнықтылық қорын құраудамыз. Заң бойынша Ұлттық Банк өтімділікке қолдау көрсету үшін ғана бір жылға дейінгі мерзіммен қарыздар бере алады. Бағдарлама шеңберінде қарыздардың ұзақ мерзімді болуына байланысты, еншілес құрылымды құру қажеттілігі туындады.

– Бұған дейін өлшемшарттарға қарай бағдарламаға әлеуетті түрде 15 банк қатысады деп хабарланған болатын. Бірақ олардың барлығы қатысуға ниет білдіре ме екен?

– Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Ұлттық Банк Басқармасының қандай да бір банктің бағдарламаға қатысу-қатыспауына қатысты шешім қабылдауы бұл нарыққа банкті дамыту моделінің шынайы екендігін, берілген өлшемдерді іске асыруға қабілетті екендігін білдіреді. Банктер бағдарламаға қатыспаса да болады. Олар бағдарламада көзделген шектеулерді өздеріне қабылдағысы келмеуі де мүмкін. Оның үстіне олар өз ресурстарына өздері иелік етуі немесе олардың бизнес-модельдері басқа опцияларды – бірігуді, сіңіруді, жаңа инвесторлар тартуды, жаңа инвесторларға сатуды және т.б. көздеуі мүмкін. Банктің бағдарламаға қатысу-қатыспауына қарамастан, оның капиталының әлеуетті тәуекелдерді өтеу үшін жеткілікті болуы туралы талап бүкіл банк жүйесі үшін әмбебап талап болып табылады.

– Бүгінгі күні Ұлттық Банктің өз еншілес құрылымдары арқылы бағдарламаға қатысушыларға қандай сома бола- тіндігі жайында айту әлі ерте ме? Бұған дейін 500 млрд теңге деген соманы естіген едік.

– Бұл сома – бізге арналған қандай да бір бағдар, себебі біз бағдарламаның кейбір базалық өлшемдерін айқындау үшін ішкі бағалауды жүргіздік. Өтімдерді алып, олар басқармада қаралғаннан кейін цифрдың нақты болатыны белгілі және оны біз жария етеміз.

– Бағдарлама қорытындысы бойынша қандай нәтижеге қол жеткізіміз деп күтесіздер?

– Біздің пікірімізше, бірнеше нәтижеге қол жеткізіміз. Рейтингік агенттіктер үнемі көтеретін негізгі проблемалардың бірі – бұл жұмыс істемейтін портфельдің нақты мөлшерінің статистика көрсететін мөлшерден жоғары болуы. Тиісінше, бұл банктердің өтімділігіне, кірістілігіне және жаңа кредиттеуге де қысым жа- сады. Сондықтан да біз, бірін- шіден, әлеуетті тұрғыдан тәуекелді бар портфель көп көлемде про- визияланып, банктердің про- визиялау үшін, кейіннен бұл проблемалық қарыздардан тар- зарту және есептен шығару үшін капиталының жеткілікті қоры болады деп күтеміз. Біздің ал- дын ала жүргізген бағалауымыз бар, бағдарлама нәтижесі бойын- ша банк секторының жиынтық меншікті капиталы бір триллион теңгеден аса сомаға ұлғаяды деп күтеміз, бұл қаржылық тұрақ- тылықты және болуы мүмкін жаңа қолайсыз сыртқы фактор- ларға орнықтылықты күшейтеді. Тиісінше, банк секторына қолдау көрсету жөніндегі шаралар, күткеніміздей, жұмыс істемейтін активтердің бес жыл бойы осын- дай сомаға қысқаруына әкеледі, бұл капиталдандыру, есептен шығару, кешіру және активтер сапасын жақсарту жөніндегі басқа шаралар есебінен тұтастай алғанда ел экономикасының да- муына мультипликативті әсер етеді. Сонымен қатар жаңа кре- диттерді банктер неғұрлым қатаң рәсімдерді, неғұрлым жоғары әндрейттің стандарттарын пайдалана отырып беретін бо- лады деп күтеміз. Осылайша, тәуекел-менеджментін жақсарту, портфельді қалыпқа келтіру, жаңа кредиттер – бағдарламаның біз күтетін нәтижелері.

– Бағдарламаны сынау- шылар мемлекет ақшасы бан- ктерге өте арзан беріледі деген пікірде.

– Егер әлемдегі банк сек- торына қолдау көрсетудің кез келген бағдарламасын алсақ, ақша қаражаты ешбір жерде нарықтық талаптармен берілмей- ді. Егер банк реттелген қарызды нарықтық талаптармен 15 жыл- дық мерзімге тарта алатын болса, онда ол оны нарыққа да істей ала- ды. Бізде ондай нарық жоқ. Бірақ инфляцияның 4% төмендеуін күте отырып, қарыздың 15 жылға берілетінін ескерсек, реттелген қарыз бойынша мөлшерлеме ұзақ мерзімді мөлшерлемелердің төмендеуі үрдісінде сақталуы. Жалпы алғанда мұндай тәсіл бағдарлама міндеттерін көр- сетеді. Бұл міндеттер банктерге кіріс беруді емес, портфельді ба- рынша провизиялауды көздейді. Егер осы қарыз есебінен алынған кірістің қандай да бір бөлісін про- визиялар қалыптастыру үшін пайдаланылатын болса, бұл жал- пы алғанда банктерді қалыпқа келтіреді.

Әңгімелескен Асхат Райқұл «Егемен Қазақстан»